

Н. Т. Саханова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық іс жүргізу кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры

АДВОКАТ-ҚОРҒАУШЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІЛІКТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 12 ақпандағы Қаулысымен Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның (негізгі бағыттар) Мемлекеттік бағдарламасы бекітілген. Онда республикамыздың заң жүйесі, құқықтық реформалардың, нарықтық экономиканың, мемлекеттік және жеке-шелендіру үрдістерінің, қазіргі уақыттағы парламентаризмнің болуынан және басқа демократиялық институттардың дамуынан маңызды түрде қалып отырғандықтан үдеп отырғандығы, терең дағдарыс кезеңінде екені айтылған. Мұндай жағдайларда мемлекет құқықтық қызмет көрсету, халыққа құқықтық көмек көрсету салаларындағы қызметтерді құқықтық реттеуден бас тарта алмайды. Реттеу мақсаты, ең алдымен, әр азаматқа оны қорғауда конституциялық құқығының жүзеге асырылуына кепілдік беретін, құқықтық қызмет көрсету нарығын жоғарғы сапалы құқық қорғау жұмыстарымен толықтырудан тұрады¹.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясының қабылдануы өзінен кейін барлық қолданыстағы заңнаманың жаңартылуына және олардың жаңа Конституцияға сәйкес келтірілуіне негізделді, осының негізінде Қазақстан Республикасында 1997 жылдың 5-желтоқсанында «Адвокат қызметі туралы» жаңа Заң шықты.

Өкінішке орай, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында адвокатура институтының мұндай заңнамамен бекітілген ұғымы жоқ. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5-желтоқсандағы «Адвокат қызметі туралы» Заңының 1-бабы, азаматтық қоғам институты сияқты тек адвокатура қызметін (мақсатын) ғана анықтайды². Сонымен бірге, адвокатура туралы заңнамада адвокат қызметі сияқты ұғымның анықтамасы жоқ.

Қазақстан Республикасының «Адвокат қызметі туралы» Заңының 7-бабына сәйкес, «адвокат, ол — жоғарғы заң білімі бар, адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы заңмен реттелетін, адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіби негізде заңды көмек көрсететін, Қазақстан Республикасының азаматы».

Сонымен қоса, қасақана қылмыс үшін сотталған, орнатылған тәртіпте қабілетсіз немесе шектеулі әрекет істей алатын болып танылған, адвокаттардың алқасынан шығарылған және сол күннен бастап бір жыл ішінде, тәртіпсіз теріс қылық жасағаны үшін құқық қорғау органдарынан шығарып тасталған, сол сияқты бекітілген заң тәртібінде лицензиясының күші тоқтатылған тұлғалар адвокат бола алмайды.

Көріп отырғанымыздай, адвокаттың жеке басына, оның кәсіби қызметіне және оның біліктілігінің деңгейіне де заңмен белгілі талаптар қойылады. Қызметтің осы түріне лицензия беру, мемлекеттің азаматтарға қорғану құқығын және білікті көмек алу кепілдігін беру секілді мүмкіндіктер тудыруы қызметтік тұлғаларды іріктеуді жүзеге асыруымен алдын ала келісілген.

Осыған орай, адвокат қызметіне лицензия беруді тоқтату туралы қоғамда көп талқыланып жүрген мәселеге, егер оны тоқтатқан жағдайда, адвокаттар бірлестігі өкілдерінің біліктілік сыны қауіп-қатерге түсетін болғандықтан, қарсылығымды білдіргім келеді. Өйткені, мұндай жағдайда, адвокаттық тәжірибеге рұқсат алу үрдісі орталықсыздандырылған болады, әр аймақтың өз тәртібі және адвокаттар қатарына кіру процедурасы орнатылады да, ең соңында мемлекет бұл үрдісті бақылауда күшін жоғалтады. Тек мемлекет қана азаматтарға білікті заң көмегін алу құқығына кепілдік беретін және оны қамтамасыз етуге міндетті болғандықтан, ол мүмкін емес болып табылады.

Адвокатура мемлекеттік орган болып табылмайды, ол — мемлекеттің ерекше қоғамдық институтын және адвокаттық қызметпен айналысу құқығына мемлекеттік лицензиясы бар, кәсіби заңгерлерден тұратын қоғамды білдіреді, адвокаттардың адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауда, оларға білікті заң көмегін көрсету мақсатында құрылған кәсіби бірлестігі.

Адвокаттар алқасы коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби, өзін-өзі басқарушы жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету үшін құрылған, құқықтарын білдіру және қорғау, адвокаттардың заңды мүдделерін қорғау, заңмен бекітілген басқа қызметтерді орындау үшін құрылған, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады. Сонымен қоса, адвокат сәйкес әкімшілік-аймақтық бірлік аймағында құрылған және қолданыстағы адвокаттар алқасының мүшесі болуы тиіс.

Адвокат мәртебесіне ие болу үшін бірінші кезекте, жоғарғы заң білімін алу, сынақтан және Қазақстан Республикасы сот мекемелері жүйесінің аттестациялық комиссиясынан әңгімелесуден өтуі, адвокаттар алқасында тағылымдамадан өтуі, адвокаттың қызметпен айналысу құқығына мемлекеттік лицензия алуы және адвокаттардың аймақтық алқасына қосылуы тиіс. Бұл рәсім айтарлықтай оңай емес, дегенмен Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы № 425-ІІ Қазақстан Республикасы-

ның «Адвокат қызметі туралы» Заңына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес заң мандығы бойынша екі жыл тағылымдамадан өтудің қажеттігі жоқ, адвокат болам деп шешкендер үшін де мүмкіндік қарастырылған.

Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдарында және заң әдебиеттерінде адвокат қызметін мақсатты түрде мемлекеттік лицензиялау туралы мәселе жиі көтеріледі, сонымен қоса адвокаттардың аймақтық алқасына, олардың кәсіби бірлестіктеріне адвокаттық тағылымдамаға рұқсат беру құқығын беру ұсынылады.

С. М. Жалыбин: «лицензиялау не аймақтық адвокат құрылымдарына, не тағайындалған лауазымына сәйкес аттестациялаумен адвокаттар алқасында қалыптасатын резервтермен жүзеге асырылуы туралы ойлану қажет» деп санаған³.

Алайда сот қорғауындағы адам құқықтарын қамтамасыз ететін кепілдік және білікті заң көмегін беретін — мемлекет, тек мемлекет қана лицензиялау арқылы заңгерлердің адвокаттық тәжірибесіне рұқсат беруді жүзеге асыруы тиіс болғандықтан, бұл көзқарас дұрыс болып саналмайды.

Егер мемлекеттік лицензиясы болған жағдайда, адвокат Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында адвокаттық қызметпен айналысуға құқылы, ал қабылданған тапсырманы орындау үшін қажет болса, ол сонымен қатар аймақтан тыс айналысуға да құқылы. Адвокаттардың аймақтық алқалары адвокаттық тәжірибе рұқсатымен айналысқан жағдайда, адвокаттық тәжірибеге жіберілген адвокат басқа аймақта өзінің кәсіби қызметімен айналысуға құқылы бола ма деген сұрақ туындайды. Сонда бұл адвокат өзінің жұмысымен айналысатын мүмкіндікке ие болу үшін осы аймақта кәсіби жарамдылығын көрсету мақсатында қайта сынақтан өтуі қажет пе ?

Мұндай тәсілді біз дұрыс деп санамаймыз, сондықтан да ол көбінесе бұл жағдайда қалған тұлғалардың барлығына адвокаттық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндіктер берілуі тиіс, қандай да бір аймақтық адвокаттар бірлестіктерінің мүдделерін ақтап алушы нақты бір топтың болуын қажет етеді. Ал алыс аймақтар мен ауылды жердің тұрғындары аттестациялық емтихан өтетін жерге жетуге жол ақыларының жоқтығынан, сот мекемелері жүйесінің аттестациялық комиссиялары түрлі аймақтарға шығып, әңгімелесу жүргізу тәжірибесі болғандықтан, бұл жалған болып табылады.

Сонымен қоса, егер адвокаттық бірлестіктің өкілдері дәулетсіз кандидаттарды жақтайтын болса, неге оларға алдымен «бастапқы кіріспе» деп аталатын мүшелердің жарнасының көлемін азайтпаса, содан кейін барып қана білікті кадрлардың жеткіліксіздігіне сенуге болады. Алайда жаңа бастаған жас маман үшін АҚШ-тың бірнеше мың долларына жететін соммалар, оның ішінде ауылды жердің тұрғынына мейлінше қиын болып, адвокаттық қауымдастыққа кіруде кедергілерге тап болады.

Әйткенмен, С. М. Жалыбин, адвокаттар алқасын қаржыландыру көздерінің бірі «әлдеқашан құрылған инфрақұрылымға» салым болып қалыптасқан, яғни бөлмені, жиһазды, кеңсе тауарларын, қажет әдебиеттерді т. б. қолданумен байланысты шығындарды өтеуге бағытталған мүшелік жарналарды төлеу жарналарын бекіту «заңды болып қана қоймайды, сонымен қоса объективті түрде қажетті болып табылады» деп нақтылағанымен, бұл бастапқы «мүше жарналарының» көлемі неге осындай жоғары болып қала беретіні түсініксіз⁴.

Адвокаттың мәртебесі оған көрсетілетін талаптармен ғана емес, сонымен қоса оған берілген өкілеттіктермен де, ол жүзеге асыратын қызметпен де тығыз байланысты. Сондықтан азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізудегі адвокат мәртебесі ол орындайтын іс жүргізу қызметтеріне тікелей тәуелді. Сөйтіп адвокаттың өкілеттігі Қазақстан Республикасы «Адвокат қызметі туралы» заңының 14-бабында нұсқалып, оның қорғаушы немесе өкіл ретінде қатысуымен тікелей байланысты болады да, іс жүргізу заңына сәйкес келуі тиіс.

Сонымен, адвокат:

1) Барлық соттар, мемлекеттік және өзге де ұйымдар мен мекемелер құзыретіне енетін сұрақтар бойынша заң көмегіне жүгінген тұлғалардың мүдделері мен құқығын қорғауға және таныстыруға;

2) Заңды көмек көрсететін қажетті нақты деректерді өздігінен жинап, соларға сәйкес дәлелдемелерді ұсынуға;

3) Барлық мемлекеттік ұйымдар мен мемлекеттік емес мекемелерден адвокаттық қызметті жүзеге асыруға жәрдем беретін қажетті деректемелерді жинауға;

4) Заң көмегіне жүгінген тұлғалардың құжаттарымен, сонымен қатар тергеу, сот және іс жүргізетін құжаттармен танысып, ондағы ақпараттарды заңға қайшы келмейтін актілермен тіркеуге;

5) Іс жүргізуге рұқсат алғаннан бастап өз қорғалушысымен уақыт санының, жағдайдың еш шектеуінсіз оңаша кездесуге, тек кездесу нәтижелері жасырын болуы тиіс;

6) Құқықтық көмек көрсету барысында және ғылым, техника, өнер т. б. қызмет саласында арнайы білім талап еткен жағдайда мәселелерді шешу үшін келісім шарт негізінде арнайы маманның бекітілуін сұрауға;

7) Заңмен қорғалатын тұлғалардың мүдделеріне зиян келтіріп, құқықтарына қысым көрсеткен әділет, прокуратура, анықтау, алдын ала тергеу, сот және т. б. ұйымдар мен лауазымды адамдардың әрекеттерінен жәбір көріп, заң көмегіне жүгінген тұлғалардың шағымдарын бекітілген тәртіп бойынша өтініштерін мәлімдеуге;

8) Анықтау, алдын ала тергеу және сотта қорғау ісін жүзеге асыру мақсатында заңнамалық актілермен бекітілген ережеде мемлекеттік құпиядағы ақпараттармен, сонымен қатар әскери, коммерциялық, қызметтік және т. б. заңмен қорғалатын құпия ақпараттармен танысуға;

9) Заң көмегіне жүгінген тұлғалардың мүдделері мен заңды қорғалуын жүзеге асыру мақсатында заңға қайшы келмейтін барлық әдістер мен тәсілдерді қолдануға;

10) Заңмен тыйым салынбаған өзге де әрекеттерді қолдануға құқылы.

Осыдан адвокаттың өкілеттілігі өте кең екенін көреміз. Бұлардың кез келгені қылмыстық іс жүргізу заңымен ұсынылған қорғаушы ретіндегі адвокаттың өкілеттілігіне сәйкес қолданылып, дұрыс қолданған жағдайда тұлғаның конституциялық құқығын қорғаудағы мықты қаруы болмақ.

Алайда мүмкіндіктердің зор әлеуеті қорғаушымен толық түрде қолданылмайды, себебі олардың көбісінің заңды құқығы тек қағаз жүзіндегі декларация болып қала береді, іс жүргізу заңы бойынша олардың жүзеге асу механизмі қарастырылмаған, сонымен қатар оған заңмен ұсынылған құқықтары Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (Қазақстан Республикасы ҚДЖК) 1-бабы бойынша қылмыстық іс жүргізу заң нормаларында өз көрінісін таба алмады.

Біздің пікірімізше, адвокаттың негізгі рөлі болып алдымен адамның мемлекеттік кепілмен берілген конституциялық құқығының жүзеге асырылуында қатысып, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сотты қорғау, білікті заңды көмек алу, сонымен қатар қылмыстық іс бойынша әділ соттың өтуінде көмектесу. Осы орайда көрнекті заңгер И. Я. Фойницкий былай деген: «Адвокатсыз тиісті әділ соттың жіберілуі ақылға сыймайды»⁵.

¹ Тыныбеков С. Т. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан. — Алматы: «Данекер», 2001. — 248 б.

² Закон Республики Казахстан от 5 декабря 1997 г. № 195-1 «Об адвокатской деятельности» // Юридический справочник «Законодательство». — Алматы: «Юрист», 2006.

³ Жалыбин С. М. Защита прав граждан в уголовном судопроизводстве. — Алматы: «Жеті Жарғы», 2002. — 303 б.

⁴ Жалыбин С. М. Институт адвокатуры требует перемен // Проблемные вопросы совершенствования организации и деятельности адвокатуры. Роль адвоката в уголовном процессе и исполнительном производстве: Матлы науч.-практ. конф. — Астана, 2005. — 25-30 б.

⁵ Фойницкий И. Я. Курс уголовного судопроизводства: В 2-х т. — СПб.: «Альфа», 1996. — Т. 2. — 127 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы, касающиеся полномочий адвоката — защитника в ходе предварительного расследования и в суде.

Resume

In given article author examines questions concerning duties of lawyer in a way of the preliminary investigation and in a court.